

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу университеті

Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Меңдіғалиұлы Нұрпейіс

Шымкент қаласындағы киім-кешек мұражайы

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу университеті


Т.К.Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.к., қауым.проф.

 Наширалиев Ж.Т.
«7» 06 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА


Тақырыбы: «Шымкент қаласындағы киім-кешек мұражайы»

5В072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған: Меңдіғалиұлы Н

Пікір білдіруші:

т.ғ.к., қауым профессор


 Сағыбекова А.О

«7» 06 2022 ж



Жетекші:

т.ғ.к., қауым профессор

 Кусбекова М.Б


«7» 06 2022 ж

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу университеті
Т.К.Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты
Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы
5B072900 – Құрылыс

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі
т.ғ.к., қауым.проф.


« 4 » 02 2022 ж. **Наширалиев Ж.Т.**

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Меңдіғалиұлы Нұрпейіс

Тақырыбы: «Шымкент қаласындағы киім-кешек мұражайы»

Университет ректорының «24» қараша 2021 ж. №2131-б - бұйрығымен
бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі « 10 » мамыр 2022 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Шымкент қаласы,
ғимараттың конструкциялық жүйесі – тұтасқұймалы темірбетон кеңістік қаңқа
тұтасқұймалы аражабындармен

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1. Сәулет-аналитикалық бөлімі: негізгі бастапқы деректер, көлемдік-жоспарлау
шешімдері, қоршау конструкцияларының (сыртқы қабырғаның) жылутехникалық
есебі, жарықтехникалық есептеу, нұсканы есептеу фундаменти және салу тереңдігі,
энергия тиімділігі бойынша шараларды негіздеу;

2. Есептік-конструктивтік бөлімі: есептік жүктемелерді анықтау, арқалық
есебі, ұстын есебі, аражабын есебі.

3. Ұйымдастыру-технологиялық бөлім: технологиялық картаны әзірлеу, құрылыстың
күнтізбелік жоспары және құрылыстың бас жоспары;

4. Экономикалық бөлімі: жергілікті смета, объектілік смета, жиынтық смета;

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимараттың қасбеті, қималар, түйіндер, спецификация, жоспар - 3 парақ;

2. Ұстынның арматуралануы, спецификациялар - 1 парақ;

3. Монтаждау жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары,
құрылыстық бас жоспар – 2 парақ

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 1. ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2017 Құрылыс
климатологиясы, 2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-107-2013 Құрылыс жылутехникасы

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

№	Бөлем	30%	60%	90%	100%	Ескертпе
1	Сәулет-аналитикалық	11.01.2022г.- 14.02.2022г.				
2	Есептік-конструктивтік		15.02.2022г.- 23.03.2022г.			
3	Ұйымдастыру-технологиялық			24.03.2022г.- 01.05.2022г.		
4	Экономикалық				01.05.2022г.- 09.05.2022г.	
5	Алдын ала қорғау	10.05.2022г.-14.05.2022г.				
6	Антиплагиат, нормобақылау	17.05.2022г.-31.05.2022г.				
7	Сапаны бақылау	26.05.2022г.-31.05.2022г.				
8	Қорғау	01.06.2022г.-11.06.2022г.				

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулет-аналитикалық	Кусбекова М.Б т.ғ.к., қауым профессор	14.02.2022	
Есептік-конструктивтік	Кусбекова М.Б т.ғ.к., қауым профессор	23.03.2022	
Ұйымдастыру-технологиялық	Кусбекова М.Б т.ғ.к., қауым профессор	01.05.22	
Экономикалық	Кусбекова М.Б т.ғ.к., қауым профессор	09.05.2022	
Нормобақылаушы	Шанбаев М т.ғ.м., тьютор	07.06.22	
Сапаны бақылау	т.ғ.м., лектор		

Жетекші

Кусбекова М.Б

(қолы)

Тапсырманы орындауға
алған білім алушы

Мендіғалиұлы Н

(қолы)

Күні

« 7 » 06 2022 ж

АҢДАТПА

Маған берілген дипломдық жұмыстың тақырыбы «Шымкент қаласындағы киім-кешек мұражайы». Осы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сызбалар сызылды. Дипломдық жұмыс төрт бөлімнен тұрады: сәулеттік-аналитикалық, есептік-құрылымдық, ұйымдастыру-технологиялық, экономикалық.

Ғимаратым 3 қабаттан тұрады.

Сәулеттік-аналитикалық бөлімі Revit 2019 бағдарламалық кешені арқылы сызылды.

Екінші бөлімде Лира-Сапр 2016 программасын қолданылды. Бұл бөлімде жүктемелер жинақталып, ғимараттың көтеру қабілеті тексерілді.

Ұйымдастыру-технологиялық бөлімде құрылысқа қажетті көліктер таңдалды. Бетон жұмыстары, құрылыстың бас жоспары, күнтізбелік жоспар жасалды.

Соңғы бөлімде жергілікті, объектілік ресурстық сметалар есептелді.

АННОТАЦИЯ

Темы моей дипломной работы «Музей одежды в Шымкенте». Проведена разъяснительная работа и сделаны чертежи. Дипломная работа состоит из четырех разделов: архитектурно-аналитического, расчетно-конструктивный, организационно-технологический и экономический.

Здание состоит из трех этажей.

На первом разделе здания полностью разработано с помощью ПК Revit 2019. В этом разделе приняты решения, касающиеся проектирования.

В расчетно-конструктивном разделе использована программа ЛИРА-САПР 2016. Сделаны сбор нагрузок и проверялась несущая способность здания.

По организационно-техническому разделу выбрана техника для строительства. Разработано бетонные работы, строительный генеральный план, календарный план.

Экономическом разделе были рассчитаны локальная смета, объектная смета и ресурсная смета.

ANNOTATION

Topics of my diploma work «Clothes Museum in Shymkent». Explanatory work carried out and drawings were made. The diploma work consists of four sections: architectural and analytical, computational and constructive, organizational and technological, economic.

The building consists of 3 floors.

In the first section, the building is fully developed using the Revit 2019 PC. In the section, design decisions are made. In the calculation and design section, the LIRA-SAPR 2016 program was used. Loads were collected and the bearing capacity of the building was checked.

According to the organizational and technical section, the equipment for construction was selected. Developed concrete work, construction master plan, calendar plan.

In the economic plan section, a local estimate, an object estimate and a resource estimate were calculated.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	10
1 Сәулеттік-аналитикалық бөлім	11
1.1 Сәулеттік бөлім. Бас жоспар	11
1.1.2 Құрылыс аймағы мен климаттық жағдайларының сипаттамасы	12
1.1.3 Ғимараттың сәулеттік шешімдерінің сипаттамасы	13
1.1.4 Техникалық-экономикалық көрсеткіштерді есептеу	13
1.1.5 Құрылыстың инженерлік-геологиялық жағдайын талдау	14
1.1.6 Қоршау құрылымының жылу техникалық есебі	14
1.2 Инженерлік бөлімше	16
1.2.1 Ғимараттың инженерлік жүйелерінің сипаттамасы	16
1.2.2 Энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі қажетті шаралары	16
1.3 Аналитикалық бөлімше. Көлемдік-жоспарлау шешімдерін негіздеу	17
1.3.2 Ғимараттың конструкциялық жүйесін таңдау	18
1.3.3 Іргетастың нұсқаларын және төсеу тереңдігін есептеу	18
2 Есептік-құрылымдық бөлім	20
2.1 Жалпы мәліметтер	20
2.2 Жүктемелердің түрлері	20
2.3 Жүктемелерді жинақтау. Жүктемелердің комбинациясын құру	21
2.3.1 Еден жүктемелерін жинақтау	21
2.3.2 Қабырға жүктемелерін жинақтау	22
2.3.3 Аражабынға уақытша жүктеме анықтау	23
2.3.5 Есептік желдің әсерін анықтау	23
2.3.6 Қатаңдық кестесі	26
2.3.7 Тақтаны тік қималары бойынша беріктікке есептеу	26
2.3.8 Көлденең арматураның ауданы мен қадамын анықтау	28
2.3.9 Ұстынды есептеу	30
3 Құрылыс өндірісінің технологиясы	33
3.1 Жұмыс көлемін анықтау	33
3.2 Жер жұмыстарын өндіруге арналған машиналар мен механизмдер таңдау	35
3.2.1 Экскаватор таңдау	35
3.2.2 Бульдозер және каток таңдау	37
3.2.3 Жүк көтеретін кран түрін таңдау	38
3.3 Еңбек шығындары мен жалақыны есептеу	39
3.4 Уақытша ғимараттар мен қойма аудандарының қажеттілін есептеу	40
3.5 Жұмыс жүргізудің күнтізбелік кестесі	41
3.6 Құрылыс ауданын жарықтандыруды есептеу	41
3.7 Электр қажеттілігін есептеу	42
3.8 Құрылыс алаңында автокөлік қозғалысын ұйымдастыру	43
3.9 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	43
4 Экономикалық бөлім	44

Қорытынды	45
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	46
Қосымшалар А Қосымшасы.	47
Жүктемелердің комбинациясын құру	47
Б Қосымшасы.	48
Ғимараттың кеңістіктегі моделі және есептік схемасы	48
В Қосымшасы.	49
Жүктемелердің берілуі және есеп протоколы	49
Г Қосымшасы.	54
Іргетас шөгуін анықтау	54
Д Қосымшасы.	55
Аражабынды иілуге тексеру	55
Е Қосымшасы.	56
Ғимарат қабаттарын горизонтальды ауытқуға тексеру	56
Ж Қосымшасы.	57
Құрылыс құнының есептеулері	57

КІРІСПЕ

Менің дипломдық жұмысымның тақырыбы «Шымкент қаласындағы киім кешек мұражайы». Кез келген мұражай – тарихи жәдігерлердің көзі болып табылады. Себебі онда кез-келген көне заманымыздан сыр шертетін туындылар, ежелгі ата-бабаларымыздың бізге аманаттаған дүниелері көркемделіп сақталады. Сонымен қатар шырайлы Шымкент өңіріде қазақылықтың қаймағы бұзылмаған еліміздің оңтүстік ордасы. Осындай аймаққа неге әсем мұражай салмасқа деп бекініп, дипломдық жұмысқа кіріскелі отырмын.

Бұл нысанды Шымкент қаласының солтүстік-батыс бөлігінде Өтегеов көшесіне орналастырдым. Орналасу аймағы қолайлы. Көше көлемі үлкен, әрі халықта тығыз орналасқан. Сол себепті келушілерді көптеп қызықтырады деген сенімдемін.

Нысанды жобалау үшін Autodesk Revit 2019 бағдарламалық кешенін пайдаландым. Мұражай 3 қабаттан тұрады. Жалпы ауданы 6480м². Салыстырмалы түрде көлемі кең.

Мұражайдың конструктивтік бөлімін орындау үшін Лира САПР 2016 бағдарламалық кешенін пайдаланып отырмын. Бұл программа таныс. Ғимарат тұтас құймалы бетоннан жасалған, қаңқалы құрылымнан тұрады. Көтергіш құрылымы ұстын, қабырға, аражабын іргетас болып табылады.

1 Сәулет-аналитикалық бөлім

1.1 Сәулеттік бөлім. Бас жоспар

Мұражай Шымкент қаласында, Самал- Мөлтек ауданында, Өтеген батыр көшесінің бойында орналастырылды. Орналасу аймағы қте ыңғайлы. Айналасында Дендросаябақ, Шымкент зообағы орналасқан. Бұл дегеніміз бір ауданның әсем жерлерін арттыру деген сөз. Саяхатшылар бір ауданға келіп қаланың бірнеше әсем жерлерін тамашалауға мүмкіндік алады. Өтеген батыр көшесінде орналасуы мұражайға қатынасты арттырады.

Роза ветров в Шымкенте





График ветра (направление - откуда дует ветер) в Шымкенте, с усредненными значениями согласно нашим данным.

С	С-В	В	Ю-В	Ю	Ю-3	З	С-3
Северный	Северо-Восто...	Восточный	Юго-Восточный	Южный	Юго-Западный	Западный	Северо-Запад...
11.8%	12.5%	11.4%	4.2%	4.1%	11.9%	24.5%	19.6%

1 Сурет – Шымкент қаласының жел раушаны

Ғимараттың орналасуы жел раушанына тікелей байланысты. Ғимараттың алдыңғы бөлігі шығысқа қарап тұрса, артын батыс бөлікке береді. Бұл мұражайдың эксплуатациялық жарамдылығын жоғарылатса, екіншіден ішіндегі адамдарға комфорт сыйлайды. Және күнге бетке қарап тұруы күн көзінің ішке оңай түсуі үшін қарастырылған.



2 Сурет – Ғимараттың орналасу картасы

1.1.2 Құрылыс аймағы мен климаттық жағдайларының сипаттамасы

Шымкент қаласы Қазақстанның оңтүстік өлкесінде орналасқан ең жылы аймақтарымздың бірі. Жері құнарлы, егін шаруашылығы дамыған.

ҚР ЕЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климатологиясы» құжаттамасы бойынша

-Қардың мөлшері-II; есептік қардың жүктемесі 1,2 (120) кПа;

- желдің аймағы – IV; есептік жел жүктемесі 0,77 (77) кПа;

Салқындық уақытының климаттық параметрлері:

-ең төменгі температура-(-30,3);

-ең салқын күн 0,98-(-25,2);

0,92 – (-16,9);

-ең салқын 5 күн 0,98 – (-17,76);

0,92 – (-14,3);

-қамтамасыз етілу 0,94 – (-4,5);

-желдің салқын айлардағы айлардағы бағыты – Шығыс

-қаңтар айындағы румбалар бойынша желдің орташа жылдамдығы жоғарғы көрсеткіші – бм/с;

Жылылық уақытының климаттық параметрлері;

-жылдың ең жылы айының орташа жоғарғы температурасы (шілде) –33,5

-ең жоғарғы көрсеткіш –44,2;

-ең жылы айдың 15сағ. Ауаның орташа айлық салыстырмалы ылғалдылығы (шілде), - 25;

-жылы мезгілдегі жел бағыты (Румба) – Шығыс

-шілде айында румбалар бойынша желдің орташа жылдамдығының ең азы, - 1,3м/с;

Қардың түсу қалыңдығы, см:

-қыс мезгілінің салқын 10 күнінің орташа мәні – 22,4;

- қыс мезгілінің салқын 10 күнінің жоғары мәні – 62;

-тұрақты қар жамылғысының жату ұзақтығы, күндер – 66.

1.1.3 Ғимараттың сәулеттік шешімдерінің сипаттамасы

Мұражай рухани байлықты дамыту, көнекөз жәдігерлерді еске салу, эксплуатациялық тұрғыдан көп мерзімді қажет ететін мәдени нысан болғандықтан сәулет-жоспарлау шешімі аса маңызды шешімді қажет етеді.

Мен жоспарлайтын ғимарат тіктөртбұрышты көлемде 3 қабаттан, қабат биіктігі әр түрлі. Бірінші қабат биіктігі 3 метрді құраса ,екінші қабатпен 3 қабат арасы 6 м құрайды.

Мен өз жобамды өзіме тән күрделі шешімдерді қабылдадым. Атап айтатын болсам ғимарат ішіндегі ішкі саябақ. Ғимарат ортасын қақ жаратын көрнекті саябақ өз әсемдігімен халықты таңқалдырмақ. Әрине, оны жобалауда оңайға соқпайын деп тұр. Бұл саябақ ғимарат көлемін кішіритіп, материалдар үнемдеуге мол мүмкіндік береді.

Мұражайда киім кешек көрмесі, ішкі саябақ, ұлттық киімдер жәрмеңкесі, сән көрсету залы, администрациялық бөлмелермен қамтылған.

1.1.4 Техникалық – экономикалық көрсеткіштерді есептеу

Бұл ғимарат көлеміне тығыз байланысты.

Оған:

- $F_3(\text{м}^2)$ құрылыстың жалпы ауданы – 6480 м^2 ;
- $p \cdot F_p(\text{м}^2)$ жұмыстың жалпы ауданы – 22196 м^2 ;
- $F_{ж}(\text{м}^2)$ тұрғын үй ауданы – 0;
- $F_0(\text{м}^2)$ Барлығы – 28676 м^2 ;

Көлемдік-жоспарлау көрсеткіштерінің негізіне мыналар жатады:

а) Тұрғын жұмысының бүкіл ауданға қатынасының көрсеткіші,

$$K_1 = \frac{F_p(F_{ж})}{F_0} = \frac{6480}{28676} = 0,22$$

б) Ғимаратымыздың көлемінің көрсеткіші,

$$K_2 = \frac{O_c}{F_0} = \frac{41280}{28676} = 1,44$$

в) Ғимарат периметрінің жалпы құрылыстың ауданына бөлгенде анықтайтын көрсеткіш,

$$K_3 = \frac{\Pi_{п}}{F_3} = \frac{6648}{28676} = 0,23$$

1.1.5 Құрылыстың инженерлік-геологиялық жағдайларын талдау

Жалпы құрылыста ең алдыңғы қатарлы жұмыстардың бірі инженерлік-геологиялық көрсеткіштерді талдау болып табылады. Соған сәйкес ізденістер жүргізе отырып топырақ түрін анықтаймыз.

Менде топырақ түрі – саз (глина). Оның жалпы көрсеткіштері:

- $\gamma = 18,9 \text{кН/м}^2$
- $\varphi_0 = 18$ градус
- $c = 57 \text{кПа}$

ҚР ЕЖ 5.01-102-2013

1.1.6 Қоршау құрылымының жылу техникалық есебі

ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құрылыстық жылу техникасы»

Есептеу мақсаты - Шымкент қаласы үшін қысқы кезеңде қоршау конструкциялары арқылы жылу шығынын азайту.

1 Кесте – Сыртқы қабырға құрылымы

Қабырға қабаттары	Қабат қалыңдығы δ , м	Материалдардың жылу сіңіргіштік S , / Вт(м °С) (Л Қосымшасы)	Материалдардың жылу өткізгіштік λ , / Вт(м °С) (Л Қосымшасы)
Декаративті шкатурка	0,02	9,6	0,7
Газоблок	0,2	6,6	0,4
Стекловата	0,03	0,65	0,4
Сайдинг	0,01	4,26	0,15

Жылу берілуге қарсылық коэффициенті

$$R_0^{тр} = \frac{n(t_B - t_H)}{\Delta t^H \cdot \alpha_B} = \frac{1 \cdot (18 - (-18))}{4 \cdot 8,7} = 1,03$$

Мұнд, Δt^H – Беттер арасындағы жылулық өзгеріс көрсеткіші

α_B – қоршау конструкциясының ішкі бетінің жылу бергіштік коэффициенті

n – қоршау конструкциясы үшін ғимараттың көше жақ бетіне байланысты болатын көрсеткіші

t_B – ғимараттың ішіндегі есептік температурасы, градус Цельсий,

t_H – ғимарат сырты үшін алынатын есептік температурасы градус Цельсий

Жылу инерциясы

$$D = R_1 \cdot S_1 + R_2 \cdot S_2 + R_3 \cdot S_3 = 0,029 \cdot 9,6 + 0,5 \cdot 6,6 + 0,075 \cdot 0,65 = 3,91$$

Мұнд, S_1, S_2 – материалдардың жылу сіңіргіштік

Қабат үшін термикалық кедергілер

$$R_1 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,02}{0,7} = 0,029$$

$$R_2 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,2}{0,4} = 0,5$$

$$R_3 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,03}{0,4} = 0,075$$

Мұнд, δ – әр қабаттың қалыңдығының көрсеткіші, м (есептік $\delta_{ст}$, стандартты $\delta_2=0,02$ м);

λ – жылу өткізгіштіктің есептік көрсеткіші

Жылу берілу кедергісі

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_B} + R_k + \frac{1}{\alpha_H} = \frac{1}{8,7} + 3,91 + \frac{1}{23} = 4,06$$

мұндағы α_B – қоршау конструкциялары үшін ішкі беттің жылу бергіштік көрсеткіші;

α_H – қоршау конструкциялары үшін ғимараттың көше жақ бөлігінің салқын мезгілдер үшін жылу бергіштік көрсеткіші;

R_K әр түрлі құрылымдар үшін есептелетін қоршау құрылымының термикалық кедергісі.

$$R_0^{TP} = 1,03 < R_0 = 4,06$$

Шартымыз орындалғандықтан ғимарат осы аймақтың климатына шыдас береді.

1.2 Инженерлік бөлімше. Ғимараттың инженерлік жүйелерінің сипаттамасы

Мұражай кешені бірнеше инженерлік жүйелермен қамтамасыз етіледі. Олар: жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау, жарықтандыру, желдету және т.б.

Мұражайды жылумен, сумен, электрмен жабдықтаудың орталықтандырылған түрін пайдаланатын болады. Бұлармен Шымкент қаласындағы әр түрлі орталықтармен келісімге отырады. Атап айтсақ электрмен қамту жүйесімен "Южные межсистемные электрические сети" АО "KEGOC" компаниясының филиалы айналысатын болады. Ал жылумен "Қуатжылуорталық" қамтамасыз ететін болады.

Жәнеде ғимаратта бірнеше желдету жабдықтары өз ыңғайына қарай орнатылады.

Газбен қамтудыңда орталықтандырылған түрі қолданылатын болады. Онымен келісімді біз "Алау Газ-Аймақ" орнатамыз.

1.2.2 Энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі қажетті шаралары

Жаңартылған энергия көздері энергия тапшылығын жоюдың таптырмас жолы болып табылады. Ол үшін әлем елдері өз білімін арттыруда. Әрине, біздің елімізде одан қалыс қалмақ емес. Соның дәлелі "Экспо-2017". Осы жоба арқылы біз өзге елдермен көптеген тәжірибе алмасқан болатынбыз.

Баламалы энергия көзі тақырыбы біз үшін таныс. Оны алдыңғы курстарда оқыған болатынбыз. Мысалға алатын болсақ жел генераторлары. Оны мен өз жобамда қолданған болатынмын. Осы энергия көзі арқылы батыс өлкесіндегі аймақтар үшін көптеген жетістікке жеттім деп айт аламын. Себебі батыс өлкесі бәріміз білетіндей жел өтінде орналасқан.

Ал қазіргі дипломдық жобада күн панельдерін орналастыру маған тиімді. Шымкент қаласы Қазақстанның ең ыстық аймағы болып табылады.

Жалпы мен бұл панельді ораналастырғаннан менің жобамда қандай жағдай болады:

- алдымен энергия көзін үнемдеймін;
- бірнеше шығын;
- аймаққа таңсық көрінуі мүмкін;
- әсемдік бейне

Бірақ, қарап тұрса оң жағы басымдау.

Осылайша, тұрғын үй ғимараттарының архитектурасында жаңартылатын энергия көздерін пайдалану экологиялылығымен, энергия тиімділігімен, сыртқы келбетінің даралығымен және жоғары сәулет-эстетикалық деңгейімен ерекшеленетін жаңа буындағы тұрғын үйлер құруға мүмкіндік береді.

1.3 Аналитикалық бөлімше. Көлемдік-жоспарлау шешімдерін негіздеу

Мұражай 3 қабаттан тұрады. Оны ерекшелеп тұрғаны ортасындағы ішкі саябақ. Әрине ол мұражай келушілерні өзіне баулап алары сөзсіз.

1 қабатқа келсек, кіреберіс, дәліз, әр түрлі администрациялық бөлмелер, мұражай туралы қысқаша анықтаманы тамалашалуға болады. Биіктігі 3 метр.

2 қабат кең ауқымда орналастырдым. Биіктігі 6м. Орталықтандырылған әсем шамдар екінші қабат көркін берері сөзсіз. Мұражай киім-кешек мақсатта жобаланғасын, әр түрлі сән көрмелері, ұлттық киімдер, сән көрсету залдары осы қабатта орналасқан.

3 қабат ең жоғарғы қабат. Бұнда ежелгі тарихымыздан сыр шертетін ұлттық киімдер орналасады.

Жалпы көлемдік-жоспарлау шешімі қарапайым. Қасбеті заманауи стильде жасалған. Қабаттылығы төмен болғандықтан, мұражай үйлесімді болып табылады.

1.3.2 Ғимараттың конструкциялық жүйесін тандау

Ғимаратымыздың құрылымдық жүйесіне талдау жасасақ, жалпы жүйе қарапайым тұтасқұймалы темірбетон құрылымды, іргетасымыз-монолитті тақталы..

Іргетас тақтасының қалыңдығын 0,3 м деп алдым.

Балканың биіктігі мен ені:

- 6 м аралықтарда

$$h = \left(\frac{1}{12} \div \frac{1}{15} \right) \cdot 6\text{м} = 0,5\text{м}$$

$$b = (0,3 \div 0,5) \cdot 0,5\text{м} = 0,2\text{м}$$

Жабын тақтасының қалыңдығы:

$$h = \left(\frac{1}{45} \div \frac{1}{50} \right) \cdot 6\text{м} = 0,12\text{м} < 0,16\text{м}$$

яғни жабын тақтасы қалыңдығы 160 мм-ге тең.

Ұстын өлшемі $0,4 \times 0,4$ м.

1.3.3 Іргетастың нұсқаларын және төсеу тереңдігін есептеу

Мұражайдың орналасу аймағына байланысты маған қолайлы таңдау іргетас түрі-тұтасқұймалы монолитті іргетас түрі болды. Ғимаратым үш қабатты болғандықтан іргетас тақтасының қалыңдығын 300 мм деп алдым..

Іргетас тақтасын қолдану топырақтың барлық түрлеріне, соның ішінде су деңгейі жоғары топырақтарға тиімді.

Іргетасты қою тереңдігі:

$$d = d_0 \sqrt{\sum_{i=1}^n M_i} = 0,23\sqrt{1,6} = 0,3\text{м}$$

Саз үшін $d_0 = 0,23$

Шымкент қаласы үшін салқын мезгілдегі орташа айлық минус температуралардың қосындысы.

$$M_i = 1,5 + 0,1 = 1,6$$

ҚР ЕЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климатологиясы»

2 Есептік-құрылымдық бөлім

2.1 Жалпы мәліметтер

«Шымкент қаласындағы киім-кешек мұражай» объектісі бойынша ғимараттың жүк көтергіш темірбетон конструкцияларын есептеу "Лира САПР 2016" пайдалана отырып орындадым.

Дереккөздер:

-қар аймағы -1,2 кПа;

-жел қысымының орташа нормативтік мәні-0,77 кПа.

Бастапқы мәліметтер:

-ғимарат өлшемі-108 х 60 м;

-этаж -3 этаж;

-этаж биіктіктері 1 этаж - 3м;

2 этаж – 9м;

3 этаж -12м;

-жұмыстық арматураның кластары S500, S240;

-Бетон класы C25/30;

-іргетас тақтасы 500 мм;

-ұстын өлшемі-400х400мм;

- аражабын және жабын тақтасы-160 мм.

2.2 Жүктемелердің түрлері

1. Ғимараттың өз салмағы
2. Еденнен түсетін жүктеме
3. Қабырғалардың жүктемесі
4. Аражабынға түсетін уақытша жүктеме
5. Жабынға түсетін қар жүктемесі
6. Жел жүктемесі

2.3 Жүктемелерді жинақтау.

1.Ғимараттың өз салмағы

Ғимарат өлшемдерін енгіземіз:

Темірбетон тығыздығы 25 кН/м³.

1 Фундамент: Бетон классы C25/30;

Серпімділік модулі $E_{cm} = 3,7 \cdot \frac{10^6 \tau}{\text{м}^2}$;

Железобетон тығыздығы 25 кН/м³;

Қалыңдығы 300мм (3қабат).

2 Аражабын:

$$h = \left(\frac{1}{45} \div \frac{1}{50} \right) \cdot 6\text{м} = 0,12\text{м} < 0,16\text{м}$$

3 Қабырға қалыңдығы минимум 200 мм, 250мм қабылдаймыз.

4 Ұстын өлшемдері 400мм × 400мм

5 Арқалық өлшемдері

$$h = \left(\frac{1}{12} \div \frac{1}{15} \right) \cdot 6\text{м} = 0,5\text{м}$$


$$b = (0,3 \div 0,5) \cdot 0,5\text{м} = 0,25\text{м}$$

Ли́ра са́пр бағдарламалық кешені автоматты түрде өз салмағын ескереді.

2.3.1 Еденнен түсетін жүктеме

2 Кесте – Еденнен түсетін жүктеме

Жүктемелердің атауы	Өлшем бірдігі	Жүктеме мәндері
Цемент төсеніші δ=20мм, ρ=22 кН/м ³	кН/м ²	0,020·25=0,5
Пенополиэтилен δ=10мм, ρ=6,4 кН/м ³	кН/м ²	0,010·6,4=0,064
Керамическая плитка δ=15мм, ρ=18 кН/м ³	кН/м ²	0,015·20=0,3
Барлығы		0,864.



3 Сурет – Еден қимасы

3 Кесте - Жабын жүктемесі

Жүктемелердің атауы	Өлшем бірдігі	Жүктеме мәндері
Битумды гидроизоляция $\delta=20\text{мм}$, $\rho=15\text{ кН/м}^3$	кН/м^2	$0,020 \cdot 15=0,03$
Пенополистирол $\delta=30\text{мм}$, $\rho=3,5\text{ кН/м}^3$	кН/м^2	$0,030 \cdot 3,5=0,0011$
Рубероид $\delta=25\text{мм}$, $\rho=17\text{ кН/м}^3$	кН/м^2	$0,025 \cdot 17=0,0425$
Стяжка $\delta=30\text{мм}$, $\rho=20\text{ кН/м}^3$	кН/м^2	$0,030 \cdot 2=0,06$
Барлығы		0,1336

2.3.2 Қабығадан түсетін жүктеме

СН РК EN 1991-1-1:2002/2011

Аралық қабырға жүктемесі


Өз салмағын тапсақ:

$$m = \rho \cdot V = 500\text{кг/м}^3 \cdot 6\text{м} \cdot 6\text{м} = 1,8\text{кН/м} = 0,18\text{т/м}$$

14-беттегі қосымшаға (СН РК EN 1991-1-1:2002/2011) барып өз салмағы арқылы қажетті жүктемені аламыз.

$$1,8\text{кН/м} < 2\text{кН/м}, \quad q_k = 0,8\text{кН/м}^2 = 0,08\text{т/м}$$

Сыртқы қабырға жүктемесі



4 Сурет – Сыртқы қабырға қимасы

Қимадағы жеке элементтердің беретін жүктемелерін есептейміз.

1. Газоблок

$$m_{\Gamma} = 0,25\text{м} \cdot 6\text{м} \cdot 1\text{м} \cdot 0,500\text{т/м}^3 = 0,575\text{т}$$

2. Силикат

$$m_{\text{с}} = 0,08\text{м} \cdot 6\text{м} \cdot 1\text{м} \cdot 1,9\text{т/м}^3 = 0,912\text{т}$$

3. Штукатурка

$$m_{\text{ш}} = 0,02\text{м} \cdot 6\text{м} \cdot 1\text{м} \cdot 2\text{т/м}^3 = 0,24\text{т}$$

4. Теплоизоляционный слой

$$m_{\text{т.с}} = 0,1 \cdot 6\text{м} \cdot 1\text{м} \cdot 0,02\text{т/м}^3 = 0,012\text{т}$$

2.3.3 Аражабыннан түсетін жүктеме

СН РК EN 1991-1-1:2002/2011

Ғимарат типін анықтаймыз. 6.1 кесте СН РК EN (1991-1-1:2002/2011)
Жатақхана үшін – С3

$$q_k = \frac{2\text{кН}}{\text{м}^2} = 0,204\text{т/м}^2 - 6.2 \text{ кесте (СН РК EN 1991-1-1:2002/2011)}$$


2.3.4 Жел жүктемесін анықтау

(НТП РК 01-01-3.1 (4.1) - 2017)

Тікбұрышты ғимарат 31 x 39 x 55,2(h)м, IV-жел ауданы, Шымкент қаласы.
Шарты:

D қабырғасына 5.1 мысалының нәтижесін пайдаланып Fw жел жүктемесін анықтау керек, X-бағыты бойынша.

Примечание - Рекомендуется принимать в качестве базовой высоты здания.



Примечание - Скоростной напор следует принимать равномерно распределенным для каждой горизонтальной полосы.

5 Сурет – Ғимарат биіктігіне арналған ереже

$$h < b.$$

$$12\text{м} < 60.$$

Жел қысымы мына формуламен анықталады:

$$\omega_e = q_p(Z_e) \cdot C_{pe} \quad (5.1)$$

(НТП РК 01-01-3.1)

$$q_p(Z) = C_e(z) \cdot q_b \quad (5.2)$$

мұндағы,

$C_e(z)$ -экспозиционный коэффициент, Рисунок 4.5 (НТП РК 01-01-3.1)

бойынша анықталады.

$$Z_{e1} = 12\text{м}, \quad C_e(12) = 1,25$$

$$Z_{e2} = 60\text{м}, \quad C_e(60) = 2,5$$

q_b – 1 кПа (г.Атырау) Приложения Ж (НТП РК 01-01-3.1) бойынша

анықталады.

$$\text{Сонда, } q_p(Z_1) = 1,25 \cdot 770 = 962,5$$

$$q_p(Z_2) = 2,5 \cdot 770 = 1925$$

C_{pe} – ішкі қысымның аэродинамикалық қасиеті . Таблица 7.1, (НТП РК 01-01-3.1)

$$h/d = 12\text{м}/60\text{м} = 0,2\text{м}$$

$C_{pe} = +0,7$ (интерполяция әдісі бойынша)(D)

$C_{pe} = -0,5$ (интерполяция әдісі бойынша)(E)

$$\text{Сонда, (D) } \omega_{e1} = 962,5 \cdot 0,7 = 674\text{Па} = 0,67\text{кПа} \cdot 0,5\text{м} = 0,335\text{кН/м} = 0,0335\text{т/м}$$

$$\omega_{e2} = 1925 \cdot 0,7 = 1347,5\text{Па} = 1,34\text{кПа} \cdot 0,5\text{м} = 0,67\text{кН/м} = 0,067\text{т/м}$$

$$\text{(E) } \omega_{e1} = 962,5 \cdot -0,5 = -481\text{Па} = -0,481\text{кПа} \cdot 0,5\text{м} = -0,24\text{кН/м} = -0,024\text{т/м}$$

$$\omega_{e2} = 1925 \cdot -0,5 = -962,5\text{Па} = -0,962\text{кПа} \cdot 0,5\text{м} = -0,48\text{кН/м} = -0,05\text{т/м}$$

0,5м- ригельдің биіктігі. Жүктеме ауданын анықтау үшін, және де т/м мән алу үшін көбейтеміз.

Енді Y-бағыты бойынша есептесек

$$h < b.$$

$$12\text{м} < 108\text{м}.$$

$$Z_{e1} = 12\text{м}, \quad C_e(12) = 1,25$$

$$Z_{e2} = 108\text{м}, \quad C_e(108) = 3$$

$$\text{Сонда, } q_p(Z_1) = 1,25 \cdot 770 = 962,5$$

$$q_p(Z_2) = 3 \cdot 770 = 2310$$

$$h/d = 12\text{м}/108\text{м} = 0,11\text{м}$$

$C_{pe} = +0,7$

$C_{pe} = -0,5$

$$\text{Сонда, (D) } \omega_{e1} = 962,5 \cdot 0,7 = 674\text{Па} = 0,67\text{кПа} \cdot 0,5\text{м} = 0,335\text{кН/м} = 0,0335\text{т/м}$$

$$\omega_{e2} = 2310 \cdot 0,7 = 1617\text{Па} = 1,6\text{кПа} \cdot 0,5\text{м} = 0,8\text{кН/м} = 0,08\text{т/м}$$

$$\text{(E) } \omega_{e1} = 962,5 \cdot -0,5 = -481\text{Па} = -0,481\text{кПа} \cdot 0,5\text{м} = -0,24\text{кН/м} = -0,024\text{т/м}$$

$$\omega_{e2} = 2310 \cdot -0,5 = -1155\text{Па} = -1,155\text{кПа} \cdot 0,5\text{м} = -0,577\text{кН/м} = -0,057\text{т/м}$$

2.3.5 Қар жүктемесін анықтау

(НТП РК 01-01-3.1 (4.1) – 2017)

Жабынға түсетін қар жүктемесін анықтау үшін мына формуланы пайдаланамыз:

$$S = \mu_i \cdot C_e \cdot C_t \cdot S_k \quad (5.3)$$

(НТП РК 01-01-3.1 (4.1) – 2017)

$S_k = 1,2 \text{ кПа}$ (Шымкент қаласы бойынша), Приложения В, (НТП РК 01-01-3.1 (4.1) – 2017).

$C_e = 1$, себебі ғимаратымда ағаштардан жабу үшін елеулі қозғалыстары жоқ аумақтарға жатады, Таблица 5.1, (НТП РК 01-01-3.1 (4.1) – 2017).


$C_t = 1$ (жылу коэффициенті)

$\mu_i = 0,8 \text{ м}$ – себебі жабын конструкция бұрышы – $0-30^\circ$.

Сонда, $S = 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,2 = 0,96 \text{ кПа}$.

2.3.6 Қатаңдық кестесі

Бұл бейнеде Лира-Сапр бағдарламалық кешенінен алынған қатаңдық кестесі көрсетілген.



6 Сурет – Қатаңдық кестесі

2.3.7 Тақтаны тік қималары бойынша беріктікке есептеу

Тақтаның есептік аралығы

$$l_{eff} = l_n + 2a_1 = 560 + 2 \cdot 20 = 600 \text{ см} = 6 \text{ м}$$

$$t = b_p = (0,3 - 0,5)h_p = 0,5 \cdot 80 = 40 \text{ см} - \text{балка қимасының ені};$$

Балка қимасының биіктігі мен енін анықтаймыз. Тақта жоспары мен қималары 2.1

$$h_p = \left(\frac{1}{8} \div \frac{1}{15} \right) l_1 = \frac{1}{10} \cdot 6000 = 600 \approx 60 \text{ см} - \text{балка қимасының биіктігі}$$

$$l_n = 6000 - 2 \cdot \frac{b_p}{2} = 6000 - 400 = 5600 \text{ мм}$$

$$h_{pi} = \frac{l_n}{30} = \frac{560}{30} = 18 \text{ см} - \text{тақтаның қалыңдығы},$$

$$a_1 = \min\{0,5h_{pi}; 0,5t\} = \{0,5 \cdot 18 = 9 \text{ см}; 0,5 \cdot 40 = 20 \text{ см}\} = 20 \text{ см}$$

1 м² аражабынға түсетін жүктемені кесте көмегімен анықтаған жөн. Көтергіш қабілеті бойынша есептеу үшін келесі жүктеме қабылданады.

$$F_{d1} = G_k \cdot \gamma_G + Q_k \cdot \gamma_Q = 6 \cdot 1,35 + 6 \cdot 1,5 = 17,1 \text{ кН/м}^2$$

мұндағы γ_G -тұрақты жүктемелер үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті 1,35 тең.

мұндағы γ_Q -тұрақты жүктемелер үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті 1,5 тең.

1-ге тең жеке қауіпсіздік коэффициентін ескере отырып, пайдалану жарамдылығының шектік күйі бойынша есептеу үшін жүктеме қабылданады:

$$F_{d2} = (6 + 6) \cdot 1 = 12 \text{ кН/м}^2$$

Тақтаны 1 м ұзындығына түсетін жүктемені анықтау. 2 м тақта еніне байланысты 1 м ұзындығына түсетін есептік жүктеме:

$$q_{d1} = F_{d1} \cdot b_n = 17,1 \cdot 2 = 34,2 \text{ кН/м}$$

Жеке қауіпсіздік коэффициенті 1 тең деп алып, пайдалану жарамдылығының шектік күйі бойынша есептеу үшін жүктеме қабылданады:

$$q_{d2} = F_{d2} \cdot b_H = 12 \cdot 2 = 24 \text{ кН/м}$$

Есептік және нормативтік жүктемелер әсерінен туатын күштер:

Толық есептік жүктемелерден:

$$M = \frac{q_{d1} l_{eff}^2}{8} = 34,2 \frac{6^2}{8} = 289 \text{кН}$$

$$M = \frac{q_{d2} l_{eff}^2}{8} = 24 \frac{6^2}{8} = 108 \text{кН}$$

Бетон класы С25/30, бетонның осьтік сығылуға есептік кедергісі $f_{ck} = 25 \text{МПа}$, бетон бойынша қауіпсіздіктің жеке коэффициенті $\gamma_c = 1,5$. Алдан ала кернеуленген құрылымдар мен темірбетонның сығылуына арналған бетонның есептік кедергісі $f_{cd} = \alpha_{cc} \cdot \frac{f_{ck}}{\gamma_c} = \frac{0,85 \cdot 25}{1,5} = 14,17 \text{МПа}$; Бойлық арматура класы S500 ($f_{yk} = 500 \text{МПа}$, $f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_c} = 434,8 \text{МПа}$); көлденең арматура класы S240 ($f_{yk} = 240 \text{МПа}$, $f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_c} = 167 \text{МПа}$);

Моменттің мәні $M_{Ed,max} = 289 \text{Нм}$;

Тавр қимасының эффективті ені $b_f = 2 \text{м}$

Келесі коэффициентті анықтаймыз:

$$\alpha_{Ed} = \frac{M_{Ed,max}}{(f_{cd} \cdot b_f \cdot d^2)} = \frac{289 \cdot 10^6}{14,17 \cdot 1950 \cdot 150^2} = 0,235$$

мұндағы $d = h - c_1 = 180 - 30 = 150 \text{мм}$, $M_{Ed,max} = M_{Ed}$ [2] В қосымшасындағы В.1 кесте бойынша бетон үшін $\alpha_{ed} = 0,2$ және $\sigma_{sd} = 434,8 \text{МПа}$; $w = 0,2913$, $\xi = 0,423$, $x = \xi \cdot d = 0,423 \cdot 15 = 6,3 \text{см}$. Нейтральді ось сәре шегінде жатпайды. Соған байланысты есепті өлшемдері $b = 145 \text{мм}$, $d = 160 \text{мм}$ болатын тавр қима ретінде жүргіземіз. Плитаның есептік сұлбасы 2.3-суретте көрсетілген.

Созылған арматураның қажетті ауданы;

$$A_S^1 = \xi b d \left(\frac{f_{cd}}{f_{yd}} \right) = 0,423 \cdot 145 \cdot 15 \left(\frac{14,17}{434,8} \right) = 29 \text{см}^2$$

$$A_S^2 = h_f (b_f - b) \left(\frac{f_{cd}}{f_{yd}} \right) = 3(195 - 145) \left(\frac{14,17}{434,8} \right) = 5 \text{см}^2$$

$$A_{S1} = A_S^1 + A_S^2 = 29 + 5 = 34 \text{см}^2$$

Қабылдаймын: Сортаменттен $A_S = 3421 \text{мм}^2 (8\emptyset 22)$ S500.

2.3.8 Көлденең арматураның ауданы мен қадамын анықтау

Есеп бойынша көлденең арматура орнататын аймақ ұзындығын көлденең күштер эпюрасы бойынша анықтаймыз. Ол үшін алдымен бетон қабылдайтын көлденең күшті анықтаймыз.

$$\begin{aligned} V_{Rdc} &= [(0,18/\gamma_c) \cdot k \cdot (100\rho_1 f_{ck})^{1/3}] \cdot b_w \cdot d \\ &= \left[\left(\frac{0,18}{1,5} \right) \cdot 2(100 \cdot 0,016 \cdot 25)^{\frac{1}{3}} \right] \cdot 1460 \cdot 150 = 158 \text{кН} \end{aligned}$$

бірақ кем емес:

$$V_{Rdc,min} = [0,035 \cdot k^{3/2} f_{ck}^{1/2}] \cdot b_w \cdot d = [0,035 \cdot 2^{\frac{3}{2}} \cdot 25^{\frac{1}{2}}] \cdot 1460 \cdot 150 = 108 \text{кН}$$

мұндағы V_{Rdc} –көлденең арматураланған бетон үшін қабылданатын көлденең күш.

γ_c –бетонның қауіпсіздік коэффициенті;

ρ_1 –бойлық арматураланудың коэффициенті;

f_{ck} –осьтік сығуға бетонның сипаттамалық кедергісі;

b_w –тавр қимасы қабырғасының ені;

d –қиманың жұмыс биіктігі;

$$k = 1 + \sqrt{200/d} \leq 2, k = 1 + \sqrt{\frac{200}{150}} \approx 2$$

$$\rho_1 = \frac{A_{s1}}{b_w \cdot d} = \frac{3421}{1460 \cdot 150} = 0,016$$

$$d = h - c_1 = 180 - 30 = 150$$

Есептік аймақ болып:

$$a_w = \frac{(V_{Ed,max} - V_{Rd,min})}{(q + g)} = \frac{122 - 108}{34,8} = 0,4 \text{м}$$

Бірінші есептік қиманы тіректен $d_z = 200 \text{мм}$ қашықтықта тағайындаймыз. Көлденең күштің бұл қимадағы мәні: $V_{Ed} = 120 \text{кН}$. Жарықтың көлденең еңкею бұрышы $\theta = 40^\circ$.

Есептік аймақтың көлденең арматуралануы осы аймақтың ұзындығы шегінде келесі шарттар бойынша орындалады:

Мұндағы $V_{Rd,sy}$ –есептік көлденең күш, көлденең арматураның қимасымен қабылданған. Көлденең арматураның қадамын қабылдай отыра, оның қимасының ауданын соңғы формула бойынша анықтаймыз, көлденең арматура саны берілген әдісте мына шартты қабылдайды, яғни ондағы кернеу аққыштық шегіне тең.

Көлденең арматураның қадамын қабылдаймыз $s = 1000\text{мм}$.

$$A_{sw} = \frac{V_{Ed} \cdot S}{d_z f_{sw} \cot \theta} = \frac{120 \cdot 10^3 \cdot 1000}{200 \cdot 167 \cdot \cot 40} = 2994 \text{мм}^2$$

Қабылдаймыз: $\emptyset 22 S240 (A_{sw} = 3421 \text{мм}^2), s = 100\text{мм}$. Жабын плитасының темірленуі 2.6 суретте көрсетілген.

Келесі шарттар орындалған жағдайда ғана:

$$\frac{A_{sw} f_{sw}}{b_w \cdot s} \leq 0,5 \cdot \vartheta \cdot f_{cd}$$

$$V_{Ed} \leq V_{Rd,max} = \frac{\vartheta \cdot f_{cd} b_w d_z}{\cos \theta + \tan \theta} = \frac{0,54 \cdot 14,17 \cdot 1460 \cdot 150}{\cot 40 + \tan 40} = 887,6 \text{кН}.$$

$$V_{Ed} = 122 \text{кН} < V_{Rd,max} = 887,6 \text{кН} \text{ шарт орындалды}$$

Мұнд. ϑ – бетонның сығылу кезіндегі беріктігін созылу шартында ескеретін коэффициент және ауыр бетон үшін келесідей:

$$\vartheta = 0,6 \left(1 - \frac{f_{ck}}{250} \right) = 0,6 \left(1 - \frac{25}{250} \right) = 0,6 \cdot 0,9 = 0,54 \geq 0,5$$

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} = \frac{3041 \cdot 167}{1460 \cdot 100} = 3,5 \text{МПа}; \quad 0,5 \cdot \vartheta \cdot f_{cd} = 0,5 \cdot 0,54 \cdot 14,17 = 3,82$$

$3,5 \text{МПа} \leq 3,82 \text{МПа}$ – шарт орындалды.

Шарт орындалғандықтан, көлденең арматураны $8\emptyset 22 S240 (A_{sw} = 3421 \text{мм}^2)$, қадамын $s = 100\text{мм}$ деп қабылдаймыз.

2.3.9 Ұстынды есептеу. Есептелген жүктемелерден бойлық күштерді анықтау

$6 \cdot 6 = 36 \text{ м}^2$ бағаналар торындағы орташа бағанның жүк ауданы.

Тұрақты жүктеме:

- 4.1 формуласы бойынша жабыннан [1]:

$$N_1 = g A_{gp}$$

Мұндағы g – жабыннан түсетін тұрақты жүктеме,
 A_{gp} – орташа бағанның жүк ауданы

$$N_1 = g A_{gp} = 0,1336 \cdot 36 = 4,8 \text{кН}$$

- 4.2 формуласы бойынша ригельден [1]:

$$N_2 = h_p b_p L_p \rho$$

мұндағы h_p – ригель биіктігі,
 b_p – ригельдің ені,
 L_p – ригельдің ұзындығы,
 ρ – темірбетонның тығыздығы

$$N_2 = 0,5 \cdot 0,25 \cdot 6 \cdot 25 = 18,75 \text{кН}$$

- 4.3 формуласы бойынша бағанның меншікті салмағы [1]:

$$N_3 = h_k b_k H_{\text{эм}} \rho$$

мұндағы h_k – бағанның биіктігі,
 b_k – бағанның ені,
 $H_{\text{эм}}$ – қабат биіктігі

$$N_3 = 0,4 \cdot 0,4 \cdot 3 \cdot 25 = 12 \text{кН}$$

- жабыннан 4.4 формуласы бойынша анықтаймыз [1]:

$$N_4 = g_{\text{жаб}} A_{\text{зр}}$$

мұндағы $g_{\text{жаб}}$ – 4,1-кесте бойынша жабыннан түсетін тұрақты жүктеме
 Тиісінше Шымкент II қар ауданы $s_k = 1,2 \text{кН/м}^2$

$$S = \mu_i \cdot C_e \cdot C_t \cdot s_k = 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,2 = 0,96 \text{кН / м}^2$$

$$N_4 = 6 \cdot 36 = 216 \text{кН}$$

Жалпы тұрақты жүктеме:

$$N_{\text{пост}} = (18,75 + 4,8) \cdot 5 + 12 \cdot 6 + 216 = 405,75 \text{кН}$$

Уақытша жүктеме:

- жабыннан 4.5 формуласы бойынша анықтаймыз [1]:

$$N_5 = \nu A_{\text{зр}} n_{\text{перекр}}$$

мұндағы ν – уақытша есептік жүктеме

$$N_5 = 1,8 \cdot 36 \cdot 6 = 388,8 \text{кН}$$

- қардан 4.6 формуласы бойынша анықтаймыз [1]:

$$N_6 = s A_{\text{зр}}$$

мұнда s – қардан түсетін жүктеме

$$N_6 = 0.96 \cdot 36 = 34,56 \text{ кН}$$

Бағанға әсер ететін бойлық күш:

$$N = N_{\text{носм}} + N_{\text{ерем}} = 405,75 + 388,8 + 34,56 = 829,11 \text{ кН}$$

$$N_{ed} = N_{\text{носм}} \cdot \gamma_{Gj,\text{sup}} + N_{\text{ерем}} \cdot \gamma_{Q1} = 405,75 \cdot 1.35 + (388,8 + 34,56) \cdot 1.5 = 1182,74 \text{ кН}$$

Ұстынға әсер ететін момент $M_{ed} = 548,05 \text{ кН} \cdot \text{м}$

2.3.9.2 Қиманы таңдау және арматураның қима ауданын есептеу

Анықтаймыз:

$$\frac{c_1}{h} = \frac{c_2}{h} = \frac{3}{40} = 0,075$$

мұнда c_1 и c_2 – бағанадағы арматураның қорғаныш қабаты,
 h – бағананың биіктігі.

$$V_{ed} = \frac{N_{ed}}{(b \cdot h \cdot f_{cd})} = \frac{-3649 \cdot 10^3}{(400 \cdot 400 \cdot 14,2)} = -1,27$$

$$a_{Eds} = \frac{M_{Ed}}{(b \cdot h^2 \cdot f_{cd})} = \frac{548,05 \cdot 10^6}{(400 \cdot 400^2 \cdot 14,2)} = 0,423$$

$$A_{s,tot} = \frac{w_{tot} \cdot b \cdot h}{\frac{f_{yd}}{f_{cd}}} = \frac{0,075 \cdot 400 \cdot 400}{\frac{434}{14,2}} = 4488 \text{ мм}^2$$

$A_{s1} = A_{s2} = 2244 \text{ мм}^2$, қабылдаймыз $6 \varnothing 32 \text{ S500}$ ($A_s = 4826 \text{ мм}^2$), қадамы $35,6 \text{ мм}$ -ден.

Біз көлденең арматураны диаметрі кем дегенде 6 мм және $1/4 d_{\text{max}}$: $\varnothing 9 \text{ S240}$ аспауы керек келесі жағдайға сүйене отырып қабылдаймыз

Қадам шарттар негізінде қабылданады:

- көп емес 400 мм ;
- қиманың ең аз жағынан артық емес; $\rightarrow 300 \text{ мм}$
- көп емес $20d_{\text{min}}$. $\rightarrow 720 \text{ мм}$

Қадамын аламыз 300 мм .

3 Құрылыс өндірісінің технологиясы

Бұл бөлім құрылыстың жүру процесіне тікелей байланысты. Жүру уақыт аралығын қысқарту, тиімді құрылыс машиналарын таңдау, алдын ала даярлық жұмыстарын жүргізу, бәрі бәрі осы бөлімде жүзеге асады. Бір сөзбен құрылыс алаңындағы жұмыстар.

3.1 Жұмыс көлемін анықтау

4 Кесте – Бастапқы мәліметтер

Қазаншұңқыр тереңдігі, м	Еңіс биіктігінің салынуына қатынасы	Төменгі бөлігі ауданы, м ²	Үстіңгі бөлігі ауданы, м ²
3,5	1 ÷ 0,5	4000	5650
0,5	1 ÷ 1	3000	3150

1-ші қазаншұңқыр көлемін анықтасақ:

$$V = \frac{H}{3} \cdot (S_1 + S_2 + \sqrt{S_1 \cdot S_2}) = \frac{3,5}{3} \cdot (4000 + 5650 + \sqrt{4000 \cdot 5650}) = 16804,35 \text{ м}^3$$

2-ші қазаншұңқыр көлемін анықтасақ:

$$V = S_{\text{таб}} \cdot H = 3150 \cdot 0,5 = 1575 \text{ м}^3$$

Қазаншұңқырдың жалпы көлемі:

$$V = V_1 + V_2 = 16804,35 + 1575 = 18379,35 \text{ м}^3$$

Қазаншұңқырдың табанын тегістеуге арналған топырақ көлемі:

$$V_{\text{қ.т}} = S_{\text{таб}} \cdot \Delta h = (4000 + 3150) \cdot 0,2 = 1430 \text{ м}^3$$

Көмуге арналған топырақ:

$$V_{\text{қ.к}} = \frac{V_k - V_{\text{жерт}}}{1 + K_{\text{қалд}}} = \frac{1575 - 0}{1 + 0,05} = 1500 \text{ м}^3$$

Нығыздалуға арналған топырақ үшін:

$$S_{\text{тығ}} = \frac{V_{\text{қ.к}}}{0,2} = \frac{1500}{0,2} = 7500 \text{ м}^2$$

мұндағы 0,2–тығыздалатын топырақ қалыңдығы
Аударылуға арналған топырақ:

$$V_{\text{үйін}} = V_{\text{к.к}} = 1500\text{м}^3$$

Өзітөккішке арналған топырақ :

$$V_{\text{авто}} = V_{\text{к}} - V_{\text{к.к}} = 18379,35 - 1500 = 16879,35\text{м}^3$$

Тегістеуге арналған топырақ :

$$V_{\text{тег}} = b_0 \cdot h_0 \cdot P_{\text{ғим}} = 0,9 \cdot 0,1 \cdot 336 = 30,24 \text{ м}^3$$

Мұнд, h_0 –тегістеуге арналған топырақтар;

b_0 – тегістеуге арналған топырақтың ені;

$P_{\text{ғим}}$ –ғимараттың периметрі

5 Кесте – Жер жұмыстарының көлемі үшін

Құрылыс ісі	ЕНиР бойынша өлшем бірліктері	Көрсетілген өлшем бірліктеріндегі жұмыс көлемі	Көліктер мен механизмдер
Өсімдік қабатын кесу	1000м ²	20,45	Бульдозер
Қазаншұңқырдағы топырақты даярлау және қалғандарын машинаға тиеу	100м ³	168,79	Экскаватор, өзіаударғыш
Қазаншұңқыр табанындағы топырақты тегістеу	100м ³	14,3	Бульдозер
Топырақты қайтадан көмуге	100м ³	15	Экскаватор
Тегістеу топырағын салу	м ³	30,24	Бульдозер
Топырақты тегістеу	м ²	6480	Каток

3.2 Жер жұмыстарын жүргізуге қажетті көлік түрлерін таңдау

Көлік сипаттамаларына талдау жасап, оларды жеке дара салыстыру және олардың ең тиімдісін алып пайдаға жарату.

3.2.1 Экскаватор таңдау.

Екі түрлі экскаваторды таңдап техникалық-экономикалық көрсеткішін салыстырамыз.

	<i>JCB JS 220</i>	<i>LiuGong CLG933E</i>
салмағы-	22000кг	32000кг
шөміш сыйымдылығы	1,2м ³	1,5 м ³
жүру құрылғысы	қазтабанды	
ұзындығы	8300мм	10700мм
ені	2500мм	3200мм
биіктігі	2990мм	3500мм
қазу тереңдігі	10900мм	7300мм
түсіру радиусы	8020мм	7300мм
тиімді қуаты	92кВт	172кВт
көлік бағасы	120000тг	135000

Алдымен экскаватордың игеру бағасы, 1м³ топырақты

$$C_1 = \frac{1,08 \cdot C_{\text{маш-смен}}}{P_{\text{см.выр.1}}} = \frac{1,08 \cdot 120000}{231,4} = 460 \text{тг/м}^3$$

$$C_2 = \frac{1,08 \cdot C_{\text{маш-смен}}}{P_{\text{см.выр.1}}} = \frac{1,08 \cdot 135000}{337,8} = 481 \text{тг/м}^3$$

Мұнд, 1,08–шығын коэффициенті;

$C_{\text{маш-смен}}$ –Экскаватордың көлік ауысым бағасы тг / смен;

$P_{\text{см.выр}}$ –экскаватордың ауыспалы өндірісі, топырақтың дамуын ескере отырып, көлік құралдарына тиеу, м³/смен.

$$P_{\text{см.выр.1}} = \frac{V_K}{\sum n_{\text{маш.смен.1}}} = \frac{18379,35}{79,4} = 231,4 \text{м}^3/\text{смен}$$

$$P_{\text{см.выр.2}} = \frac{V_K}{\sum n_{\text{маш.смен.2}}} = \frac{18379,35}{54,4} = 337,8 \text{м}^3/\text{смен}$$

Мұнд, V_K –қазаншұңқыр топырағының көлемі, м³;

$\sum P_{\text{маш-смен}}$ –жұмыстағы және көлікке тиеу үшін экскаватордың көлік-ауысым үшін жалпы мөлшері.

$$\sum n_{\text{маш.смен..1}} = \frac{V_K \cdot H_{\text{вр1}}}{810} = \frac{18379,35 \cdot 3,5}{810} = 79,4$$

$$\sum n_{\text{маш.смен..2}} = \frac{V_K \cdot H_{\text{вр2}}}{810} = \frac{18379,35 \cdot 2,4}{810} = 54,4$$

Мұнд, $H_{\text{вр}}$ –экскаватордың жұмыс уақыты.

Экскаваторлардың әр түрі үшін 1 м^3 топырақ игеруге үлестік күрделі салымдар анықталады [7]:

$$K_1 = \frac{1,07 \cdot C_{\text{оп1}}}{\Pi_{\text{см.выр.1}} \cdot t_{\text{год.1}}} = \frac{1,07 \cdot 120000}{231,4 \cdot 300} = 1,57$$

$$K_2 = \frac{1,07 \cdot C_{\text{оп2}}}{\Pi_{\text{см.выр.2}} \cdot t_{\text{год.2}}} = \frac{1,07 \cdot 135000}{337,8 \cdot 300} = 1,33$$

Мұнд, $C_{\text{оп}}$ –экскаватордың инвентарлық-есептік бағасы, тг;

$t_{\text{год}}$ –экскаватордың бір жылдағы жұмыс ауысымдарының нормативтік саны (шөміш көлемі $0,65 \text{ м}^3$ дейінгі машиналар үшін шамамен 350 ауысым және шөміш көлемі $0,65 \text{ м}^3$ асатындар үшін 300 ауысым).

1 м^3 топырақты игеруге келтірілген шығындарды анықтаймыз [7]:


$$\Pi_1 = C_1 + E \cdot K_1 = 460 + 0,15 \cdot 1,57 = 476,7$$

$$\Pi_2 = C_2 + E \cdot K_2 = 481 + 0,15 \cdot 1,33 = 483,63$$

Мұнд, $E=0,15$ -ке тең күрделі салымдар тиімділігінің нормативтік коэффициенті. Есептеу нәтижесі бойынша [7]:

$$\Pi_1 < \Pi_2$$

1 м^3 топырақты игеруге келтірілген шығын JCB JS 220 маркалы экскаваторында ең аз мәнге ие. Яғни JCB JS 220 экскаваторын таңдаймыз.



7 Сурет- JCB JS 220 экскаваторы

3.2.2 Бульдозер және каток таңдау

Komatsu 375A-5 2 мен Liebherr754 екеуін салыстырып қажеттісін аламыз..

$$V_{дн.1} = \frac{100 \cdot N \cdot 8}{H_{вр.1}} = \frac{100 \cdot 1 \cdot 8}{3} = 267$$

$$V_{дн.2} = \frac{100 \cdot N \cdot 8}{H_{вр.2}} = \frac{100 \cdot 1 \cdot 8}{3,2} = 250$$

$$n_1 = \frac{V}{V_{дн.1} \cdot t_{зад}} = \frac{4800}{267 \cdot 5} = 4$$

$$n_2 = \frac{V}{V_{дн.2} \cdot t_{зад}} = \frac{4800}{250 \cdot 5} = 3,84$$

Мүнд, V—бір машинаның күнделікті өндірісі, м³ / күн;
H_{вр}—ЕНиР 2-1 бойынша өнделетін топырақтың 100 м³ - ке шаққандағы уақыт нормасы;

n—жетекші машиналардың саны, дана;

V—жетекші машина жасаған топырақтың жалпы көлемі, м³;

t_{зад}—тапсырма бойынша жұмыстарды орындау мерзімі;

N—тәулігіне ауысымдардың саны.

Жиынтық механизмінің жұмыс ауысымы:

$$M_{см.1} = V \cdot H_{вр.1} = 4800 \cdot 3 = 14400$$

$$M_{см.2} = V \cdot H_{вр.2} = 4800 \cdot 3,2 = 15360$$

Көліктің пайдалану құны


$$C_{экс.1} = M_{см.1} \cdot C_{маш-см.1} = 14400 \cdot 70000 = 1008000000$$

$$M_{см.1} = V \cdot H_{вр.1} = 15360 \cdot 67000 = 1029120000$$

$$C_{экс.1} < C_{экс.2}$$

Яғни Komatsu 375A-5 2 бульдозері тиімдірек.

Тығыздағыш каток ретінде Volvo DD140 таңдалды.



8 Сурет- Komatsu 375A-5 2 бульдозері

3.2.3 Жүк көтеретін кран түрін таңдау

Екі жаңа маркада кран түрін таңдасам:

- Liebherr-1300 маркалы автомобиль типіндегі шассидегі кран-негізгі жебе 53 м, қосымша торлы жебе 41 м;

- МКТ-100БС пневмодөңгелек кран-50 м негізгі жебе қосымша 40 м жебемен кеңейтіледі.

Ең үнемді нұсқаны таңдау крандарды жалға алу құнын есептеу негізінде жүзеге асырылады

$$A_{ц.1} = C_{маш-ч.1} \cdot T_{ц.1} + \sum E_1 = 20000 \cdot 70 + 20000 = 1420000$$

$$A_{ц.2} = C_{маш-ч.1} \cdot T_{ц.2} + \sum E_1 = 20000 \cdot 100 + 200000 = 2200000$$

Мұнд. $C_{маш-ч.1}$ -кранның машина-сағатының бағасы, тг;

$T_{ц.1}$ —линиядағы кранның жұмыс уақыты, сағ;

$\sum E_1$ - бір жолғы шығындар көлемі, тг.

$$T_{ц.1} = \frac{\sum Q}{Pr_1} = \frac{1200}{17} = 70 \text{ сағ}$$


$$T_{ц.2} = \frac{\sum Q}{Pr_2} = \frac{1200}{12} = 100 \text{ сағ}$$

Мұнд. $\sum Q$ —монтаждауға жататын элементтердің жалпы салмағы, т;

Pr —Кранның орташа сағаттық өнімділігі, т / сағ.

$A_{ц.1} = 1420000$ тг < $2A_{ц.2} = 2200000$ тг

Яғни, Liebherr-1300 маркалы автомобиль типіндегі шассидегі кранды пайдалану экономикалық тұрғыдан тиімдірек



9 Сурет- Liebherr-1300 маркалы автомобиль типіндегі шассидегі кран

3.3 Еңбек шығындары мен жалақыны есептеу

Берілген мәліметтер көмегімен есептеу керек.

6 Кесте – Еңбек шығыны мен жалақы көрсеткіштері

Құрылыс ісі	БНЖБ параграфы	Өлшем бірлігі	Жұмыс көлемі	жұмысшылар адам-сағ	машиналардың маш-сағ	жұмысшылар адам-сағ	машиналардың маш-сағ
Бульдозермен өсімдік қабатын кесу	E2-1-5	1000 м ³	20,45	-	1,6	-	8
Қазаншұңқырдағы топырақты экскаватормен әзірлеу және өзіаударғышқа тиеу	E2-1-9	100 м ³	168,79	-	3,0	-	96
Қазаншұңқыр табанындағы топырақты бульдозермен тегістеу	E2-1-35	100 м ³	14,3	-	1,6	-	8
Экскаватор көмегімен топырақты қайтадан көму	E2-1-58	100 м ³	15	-	3,0	-	8
Бульдозер көмегімен тегістеу топырағын салу	E2-1-35	м ³	30,24	-	1,6	-	4
Каток көмегімен топырақты тегістеу	E4-1-31	м ³	6480	-	-	-	8

3.4 Уақытша ғимараттар мен қойма аудандарының қажеттілін есептеу

Құрылыстың жұмыс ауданына арналған кеңсе-үй жайлары келесі түрде анықталады:

$$S_{\text{адм.}} = S_{\text{Н}} \cdot N = 4 \cdot 11 = 44 \text{ м}^2$$

Құрылыс аумағындағы ғимараттар үшін:

-Гардероб:

$$S_{\text{Гард.}} = S_{\text{Н}} \cdot N = 0,5 \cdot 110 = 55 \text{ м}^2$$

-Қолжуғыш:

$$S_{\text{к.ж.}} = S_{\text{Н}} \cdot N = 0,05 \cdot 110 = 5,5 \text{ м}^2$$

-Кептіру бөлмесі:

$$S_{\text{к.б.}} = S_{\text{Н}} \cdot N = 0,3 \cdot 110 = 33 \text{ м}^2$$

-Тамақтану бөлмесі:

$$S_{\text{там.}} = S_{\text{Н}} \cdot N = 0,45 \cdot 110 = 49,5 \text{ м}^2$$

Дәретхана келесі түрде жүргізіледі:

$$S_{\text{дәр.}} = (0,7 \cdot N_{\text{Е}} \cdot 0,1) \cdot 0,7 + (1,4 \cdot N_{\text{Ә}} \cdot 0,1) \cdot 0,3 = (0,7 \cdot 100 \cdot 0,1) \cdot 0,7 + (1,4 \cdot 10 \cdot 0,1) \cdot 0,3 = 4,9 + 0,42 = 5,32$$

3.5 Жұмыс жүргізудің күнтізбелік кестесі

Жұмысты қарқынды жүргізу үшін күнтізбелік жоспар таңдалады. Олардың түрлері параллелді, кезекті және ағынды болып. Мен соның ағынды әдісін таңдадым.

Жұмыс реттілігі	Жұмыс ұзақтығы, күндер						
	9	18	27	36	45	54	63
1	████████████████████						
2		████████████████████					
3			████████████████████				
4				████████████████████			
5					████████████████████		

10 Сурет - Ағындық әдіс кезіндегі жұмыс реттілігінің күнтізбелік кестесі

3.6 Құрылыс ауданын жарықтандыруды есептеу

Жалпы менің ғимаратымның құрылыс болатын жер ауданы $S=22377\text{м}^2$.

Құрылыс динамикалық процес. Оны бей-берекет тоқтатуға болмайды. Ол күндізді түндеде, қыста да жазда да жүре береді. Түнде жүргізу үшін жарық керек. Қажетті аудан үшін жарықтандыру $P_{\text{руд}} = 0,4 \text{ м}^2$.

Шамның түрін және жарық көзі түрін және шамның қуатын таңдаймыз:

- Прожектор түрі ПЗС – 45;
- Жарық көзінің түрі ЛН 220 -1000;
- Шамның қуаты $P_{\text{лампа}} = 1000 \text{ Вт}$.

Қажетті бөлікті жарықпен қамтамасыз етуге таңдалатын прожектор саны:

$$N = \frac{P_{\text{руд}} \cdot S}{P_{\text{лампа}}} = \frac{0,4 \cdot 22377}{1000} = 8,95 \approx 9 \text{ шт}$$

Мұнараға жарық көзін орнату биіктігі:

$$h_{\text{п}} = \sqrt{\frac{I_{\text{MAX}}}{300}} = \sqrt{\frac{3000}{300}} = 10 \text{ м}$$

Сыртқы жарықтандыру үшін қажетті қуатты анықтау:

$$P = P_{\text{лампа}} \cdot N = 1000 \cdot 9 = 9000 \text{ Вт}$$

3.7 Электр қажеттілігін есептеу

Электр көзінсіз жұмыс істеу мүмкін емес. Сол үшін қажетті трансформатор көзін таңдауға тура келеді.

7 Кесте – Электр энергияны тұтынушы көздер

Электр энергиясын тұтынушылар	Тұтынылатын қуат, кВт
Дәнекерлеу аппараттары Т-22 – 4шт.	120
Подъемниктар - 2шт.	14,0
Штукатурка станциясы	7,0
Маляр станциясы	7,0
Компрессорлар – 5 шт.	20,0
Битумоварка - 1шт.	7,5
Бетонды жылытуға арналған қондырғы – 1шт.	30,0
Электрокалорифер – 1шт.	7,5
Сыртқы жарықтандыру құрылғылары	15,0
Тұрақты және қосалқы ғимараттарды жарықтандыру құрылғылары	40,0
Басқа тұтынушылар	27,0 (10%)
Барлығы:	295

Жалпы тұтынылатын қуаты: $P_0 = 1,05 \cdot 295 = 309,75 \text{ кВт}$

8 Кесте - Таңдалған трансформаторлық станция сипаттамалары

Типі және маркасы	Қуаты, кВт	Кернеу, кВ		Масса, т
		ВН	ПН	
Типтік жылжымалы трансформатор КТПП – 320	320	35	0,4	7,0

Көлік емін-еркін қозғалуы үшін құрылыс алаңындағы жол ені кемінде 6 м болуы керек.

9 Кесте – Автомобиль тұрағына арналған алаңдардың өлшемдері

Ені	Ұзындығы		
	Жартылай тіркемесі бар автомобильдер үшін	Тіркемесі жоқ автомобильдер үшін	Тіркемесі бар автомобильдер үшін
3,5/4,5	12/12	20/20	24

Көліктің бұрылу кезіндегі алаңның ең аз ені:

$$B = 2 \cdot R + 8 = 2 \cdot 12,7 + 8 = 33,4 \text{ м}$$

3.9 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

Адам өмірі қоғамның басты байлығы болғандықтан басты назарда ұсталады. Сол себепті кез-келген жұмыста болсын қауіпсіздік шарасын қатаң сақтаған дұрыс. Сол қағида құрылыс барысында да қатаң жүргізіледі.

